АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
БАЙҒАНИН АУДАНДЫҚ
ІШКІ САЯСАТ
БӨЛІМІ

БҰЙРЫҚ

ОТДЕЛ
ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ
БАЙГАНИНСКОГО РАЙОНА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ПРИКАЗ

«27» қаңтар 2026 жыл №10 «27» январь 2026 г.

«Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы»

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» №106-VIII Заңы 16-бабы 3 тармамағын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН :**

1. «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу Заңының 16-бабы 3-тармағы 25-тармақшасына сәйкес шарты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылсын.

2. **«Professional Community Astana Orleu» ЖШС** әлеуетті өнім берушісінен жалпы сомасы «85000» теңгеге **«2026 жылғы өзгерістерді ескере отырып, Мемлекеттік сатып алу: өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. Мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің сатып алу қызметін құқықтық реттеу және тиімді ұйымдастыру. Міндеттемелерді орындау бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер»** тақырыбындағы семинарға/конференцияға қатысу бойынша көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі - қызмет) сатып алу Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес сатып алулардың жеделдігін, бәсекелестік сатып алу қорытындылары бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудың ұзақ мерзімдерін (шамамен 17 күнтізбелік күн), сондай-ақ сапалы қызметтер (біліктілік еңбек ресурстары) алу қажеттілігін ескере отырып тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылсын.

3. 2026 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

4. Мемлекеттік сатып алу веб порталымен жұмыс жасауды және мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгеріс енгізуді бөлімнің жетекші маманы Тулеулина Жайнагулге міндеттелсін.

Бөлім басшысы **А.С. Қомыт**